



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ШЕТЕЛДІК БАСҚАРУ МЕХАНИЗМІ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНУ

Тілеубек Ернұр

ernur9888@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Экономика факультеті, менеджмент кафедрасы, 2 курс, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші –Амренова Ғ.Қ.

Мемлекеттік билік органдарының тиімді қызмет ету механизмдерін қалыптастыру үшін мемлекеттік басқару жүйесін реформалау бөлінетін ресурстарды бақылау мен бағалау элементтерін қалыптастыру және қол жеткізілетін нәтижеден мүмкін болатын ауытқуға шұғыл әрекет ету үшін қажетті алғышарт болып табылады.

Көптеген сарапшылар тарапынан сынға алынуына қарамастан, нәтижелер бойынша басқару мемлекеттің негізгі әлеуметтік кепілдіктерін сақтау арқылы экономиканы нығайтуға мүмкіндік берген шет елдердегі мемлекеттік басқаруды реформалаудың негізіне алынды. Негізіне түпкілікті нәтижелер алынатын қоғамдық игіліктердің өндірілуін басқару жүйесінің қағидалары мен технологияларының трансформациялануы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге ықпал етуде.

Осылайша, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару саласында жүргізіліп жатқан әкімшілік реформалар мемлекеттік билік органдарын басқару механизмдерін тұрақты жетілдіру процесіне бағытталған. Мемлекеттік билік органдарының қызмет ету тиімділігін арттыру және олардың ашықтығына қол жеткізу, олардың іс-әрекетін мемлекеттік қызметтердің түпкілікті тұтынушысына бағдарлау, ведомствоаралық механизмдер мен бюджет ресурстарын бәсекелік қайта бөлу механизмдерін қалыптастыру шеңберінде күрделі де қажетті процестердің бірі болып мемлекеттік басқару органдарындағы нәтижелер бойынша басқару технологиясын жетілдіру табылады.

Мемлекет нарықтық қатынастар жағдайында мемлекеттік ресурстар есебінен қоғамдық қажеттіліктер мен қызығушылықтарды қанағаттандыру үшін жағдай жасайтын негізгі институт ретінде қарастырылады. Осындай қажеттіліктердің бірі болып жұмыссыздар мен халықтың өзге нысаналы топтарының жұмысқа орналасуына жәрдемдесу табылады. Осыған байланысты жұмыспен қамту аясындағы мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен қабылданатын мемлекеттік шешімдер сапасын арттыру, аталмыш саладағы негізгі бағдарламалардың мақсаттарына қол жеткізу үшін ресурстарды бөлу процестері, түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу тұрғысынан олардың тиімділігін бағалау заманауи қазақстандық экономиканың неғұрлым өзекті мәселесі болып табылады.

Бүгіндері әлемнің көптеген елдерінде жүргізіліп жатқан әкімшілік, бюджеттік немесе мемлекеттік басқару саласындағы реформалар бірнеше ортақ мақсаттарға ие, олар:

1. Бюджеттік қызметтер сапасын арттыру.
2. Мемлекеттік шығындардың тиімділігін арттыру.

3. Мемлекеттік басқару органдары қызметі мен жалпы мемлекеттік басқару жүйесінің сапасын арттыру [1].

АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Нидерланды, Швеция, Дания сияқты көптеген шетелдерде аталған мақсаттарға қол жеткізудің ортақ құралы болып мемлекеттік басқару органдарының іс-әрекетін нәтижелер бойынша басқару тұжырымдамасына бағдарлау табылады.

Нәтижелер бойынша басқару тұжырымдамасын жүзеге асыруда аталған елдердің барлығы үлкен тәжірибеге ие деуге болмайды, себебі олардың кейбіреулері аталған тұжырымдаманы енді ғана енгізіп отыр.

Сонымен, нәтижелер бойынша басқарудың дамуы жайлы неғұрлым толыққанды көріністі аталмыш салада көшбасшы болып табылатын АҚШ тәжірибесі береді [2]. Сәйкесінше оның мынадай кезеңдерін атап өтуге болады:

- Performance Budget – бағдарламалы-мақсатты бюджет (1949-1962 жж.);
- Planning - Programming - Budgeting System (PPBS) «жоспарлау – бағдарламалау – бюджеттеу» жүйесі (1962-1971жж.);
- Management by Objectives (MBO) - мақсаттар бойынша басқару (1972 - 1975 жж.);
- Zero-Based Budgeting (ZBB) – «нөлдік бюджет» тұжырымдамасы (1977 - 1981 жж.).

- Performance-Base Budgeting (PBB) - нәтижелерге негізделген бюджеттеу (1993 ж. бастап) – оның артықшылығы болып мұнда алғаш рет ұсынылатын мемлекеттік қызметтерге халықтың қанағаттану сапасы мен дәрежесін арттыру мәселесінің қалыптасуынан тұрады.

Сонымен, нәтижелер бойынша басқарудың құралдарын енгізудің алғашқы қадамдары 1949-шы жылы Гувер комиссиясымен жасалды. Комиссиямен ұсынылған федералды бюджеттің форматы мемлекеттік ресурстарды жұмсаудан мемлекеттік қызметтерді орындауға, іс-әрекетті жүзеге асырып, нәтижелерге қол жеткізуге бағдарланды. Яғни, мемлекеттік ресурстар тек шығындарға ғана емес, сонымен қатар бағдарламалар немесе нақты мемлекеттік қызметтерді орындаудан алынатын нәтижелерге назар аудара бастады [3-7].

Мақсаттар бойынша ресурстарды бөлудің келесі жаңа жүйесіне (PPBS) өту қажеттілігі алдыңғы жүйенің мынадай бірқатар кемшіліктерге ие болуымен байланысты болды: бәсекелесуші бағдарламалар арасында бюджеттік қаражаттарды бөлу және шығынды қажеттіліктерді анықтауда қателіктерге әкелген бюджеттік жоспарлау процесінің шамадан тыс орталықсыздандырылуы және жоспарлау жылының бір жылмен шектелуі. Ал PPBS алға қойылған міндеттерді орындаудың баламалы тәсілдерін салыстырып, ең жақсысын таңдауға мүмкіндік берді.

Мақсаттар бойынша басқару (MBO) нәтижелер бойынша басқаруды дамытудың келесі қадамына айналды. Аталмыш тұжырымдаманы дамытудағы мақсаттар бойынша басқарудың салымы министрліктердің барлық қызметкерлерінің ұйым алдында тұрған мақсаттарға қол жеткізуі үшін жауапкершіліктерін арттыру, бұл, тәсілдеме, өз кезегінде, неғұрлым кеңінен таралып, қолданылған бизнес саласынан алынды. Алайда, аталмыш модельді енгізудегі басты қиындық болып мемлекеттік шығындардың әлеуметтік тиімділік және экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің жүйесін қалыптастыру болды.

Келесі Zero-Based Budgeting (ZBB) жүйесі бюджеттік ресурстар мен бағдарламаларды жүзеге асыру нәтижелері арасында нақты байланыстарды орнатты. Шетелдік тәжірибені зерттеу барысында экономиканың мемлекеттік сектор субъектілерінің тиімділікті басқару модельдерін қолдану ерекшеліктері айқындалды. Практикалық тұрғыда АҚШ тәжірибесі қызығушылық тудырады. Мұнда мемлекеттік реттеу арқылы бизнес ұйымдарына табысты қызмет ету үшін қолайлы жағдай жасалған. АҚШ мысалында мемлекеттік сектор қызметінің халықаралық ынтымақтастыққа бағдарлануы мен оған қажетті факторларды қалыптастырудағы мемлекеттің ролін зерттеуге болады. АҚШ пен көптеген Батыс Еуропа елдерінің негізгі айырмашылығы — мемлекеттің тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндірісіндегі шектеулі орын алатынында [8]. АҚШ-тың мемлекеттік секторының қызмет етуінің маңызды қағидаты — жеке меншік бизнеске бәсекелестік тудырмау үшін мемлекеттік ұйымдар өндірістік қызметпен айналыспайды. Екінші жағынан, мемлекет жеке сектордың көзқарасы бойынша аз тиімді, бірақ жалпы экономиканың қызметіне қажетті салаларда болады. Меншік субъектілеріне байланысты федералды меншік, штаттар үкіметінің меншігі, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының меншігі болып бөлінеді. Құрама Штаттарда жергілікті билікке білім мен мемлекеттік білім беру мекемелерінің (бастауыш және орта мектептер, колледждер) қызметіне жауапкершілік жүктеледі. Электр энергиясын жеке фирмалар да, мемлекеттік компаниялар да өндіреді. АҚШ-та мемлекеттік және жеке кәсіпорындардың арасында онша нақты айырмашылықтары

жоқ. Мемлекет фирманың 50 %- дан артық капиталын иемденсе де, оған жеке компания ретінде қызмет етуге мүмкіндік береді [9].

Әрбір өнеркәсібі дамыған елде мемлекеттік экономика секторын және мемлекеттік кәсіпкерлікті қалыптастырудың өзіндік ерекшелігі бар. Батыс Еуропа елдерінде мемлекеттік кәсіпорындарды анықтайтын бірыңғай критерий жоқ. Бір елде бұл капиталдағы үлес болып табылса, басқа елде ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, шешуші дауыс құқығы болып табылады.

Қорытындылай келе, мемлекеттік басқару секторы қоғамдық процестер мен қатынастарға мемлекеттік-басқарушылық ықпал ету қағидалары, тәсілдері мен әдістерінің өзгеруін қарастыратын мемлекеттің институттарын басқаруды білдіргендіктен, оның тиімділігі жайлы мәселе өзекті болып табылады. Осыған байланысты XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлемнің дамыған елдерінде мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты жаңа тәсілдемелердің дамуына әкелген әкімшілік реформалар жүзеге асырыла бастады, яғни жалпылама әл-ауқат мемлекетінің шығынды сипатын сынға алу және мемлекеттік басқаруға қатысты халық сенімінің күрт төмендеуімен ынталандырылған «жаңа мемлекеттік басқару» тұжырымдамасы пайда болды. Мемлекеттік органдар іс-әрекетінің тиімділігі мемлекеттік шығындарды төмендету, халыққа ұсынылатын мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру, қоғам тарапынан билікке деген сенімнің нығаюы арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаттарына, міндеттеріне, нәтижелері мен нысаналы индикаторларына қол жеткізуден тұрады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Загорский В.С., Липенцев А.В. Эволюция подходов к исследованию современных концепций государственного управления // Культурно-просветительский образовательный журнал «Вестник государственного муниципального управления», 2013 г. С.13-23, № 2
2. Проблема эффективности в 21 веке: экономика США. М., Наука, 2006
3. Шафритц Дж., Хайд А. Классики теории государственного управления: американская школа / под ред. А.В. Сурина, Ю.Ю. Петрунина, Л.В. Минаева, Г.Л. Купряшина. - М.: Изд-во Московского университета, 2003. - 800 с.
4. Мусатаева А.А. Метод управления по результатам в зарубежных странах и его применение в Республике Казахстан. – Международный научный журнал «Наука и мир», г. Волгоград. 2014, С.163-168
5. Performance Budgeting in OECD Countries. OECD. 2007, p.42.
6. Есимова Ш.А. Основные направления модернизации государственного управления: опыт зарубежных стран // Університетські наукові записки. Часопис Хмельницького університету управління та права. - 2009. - № 32. – С.254-260.
7. Холопов. В.А. Муниципальное управление, ориентированное на результат: монография. - Рязань: Академия наук социальных технологий и местного самоуправления, 2011. – 530 с.
8. Аткинсон Эн.Б. Лекции по экономической теории государственного сектора: учеб. пособие / Э.Б. Аткинсон, Д.Э. Стиглиц / Пер. с англ. Л.И. Западниковой (рук.) и др. / Под ред. Л.Л. Любимова; Обновление гуманитарного образования в России (Программа): учеб. изд. — М.: Аспект Пресс, 1995.
9. Балацкий Е.В. Российская модель государственного сектора экономики / Е.В. Балацкий, В.А. Коньшев. — М.: Экономика, 2005. — С. 33–35.